

**Кімге:** Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті

**Автордың аты-жөні және лауазымы:** Смайлова Ляйла Дауренбековна, Абай облысы дін істері басқармасының талдау және мониторинг, ақпараттық-түсіндіру жұмыс бөлімінің басшысы

**Күні:** 07 ақпан 2025 жыл

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Абай облысындағы діни ахуал және тұрғындардың дінге көзқарастары.

**Кілт сөздер:** діни қызмет, діни бірлестіктер, діни ахуал, зайырлылық, конфессия.

### **Кіріспе**

Дін – қоғам мен адамың рухани өміріндегі маңызды құбылыстардың бірі. Кеңес үкіметінің ыдырауы кезінде және посткеңестік кезеңде тәуелсіз мемлекеттердің халықтары үшін дәстүрлі діндерді қайта жаңғырту процесі белсенді түрде басталды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстандағы конфессиялық кеңістік жаңа сипатқа ие болды, атеизмнен конфессиялық жаңғыруға, діни ағымға көшіп, адамдардың санасы толеранттылық пен сенімге қарай өзгере бастады. Сонымен қатар, қоғамда жаңа діндердің қызметі аса қауіпті деп бағаланды. Қазақстан халқы арасында дәстүрлі емес діни ұйымдарға жаңа жақтастарды тартуға байланысты конфессияаралық шиеленістің өсуі белгілі бір сақтықты тудырады, нәтижесінде, халық мемлекет дәстүрлі емес қауымдардың белсенділігін шектейді деп күтеді. Деструктивті ұйымдардың (ең алдымен исламдық, христиандық ағымдар) жақтаушыларының көбеюі, діни экстремистік идеологияның енуі мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың діни-этникалық плюрализмге және қазақстандық діни сананың ашықтығына негізделген схеманы құру қажеттілігін анықтады. Жалпы, білім, мәдениет, ғылым саласындағы ынтымақтастықты қолдай отырып, мемлекет радикалды ислам ағымдарының қызметіне жол бермеуге және әлеуметтік, мәдени және рухани өмірдегі діннің рөлін төмендетпей, зайырлы мемлекеттің саясатын жүргізуге бағытталған. Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитынын, Қазақстанның дін саласындағы заңнама халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады [1].

## **Негізгі бөлім**

Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялық ел болғандықтан, мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі діни тұрақтылықты сақтау болып табылады. Осыған байланысты діни төзімділікті дамыту және діни сауаттылықты арттыру мәселелері ерекше назарда болуы керек.

**Мақсаты:** Абай облысы тұрғындарының дінге көзқарасына талдау жасау.

### **Қойылатын міндеттер:**

- халықтың дін саласындағы мемлекетті саясаттың негізгі бағыттары туралы хабардар болу деңгейін анықтау;
- жалпы өңірдегі діни ахуалды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Қойылған міндеттерге жету үшін 2024 жылғы 1 қазан мен 1 желтоқсан аралығында Абай облысының 18 жастан асқан тұрғындары арасында онлайн сауалнама жүргізілді [2]. Онлайн сауалнамаға қатысқан респонденттердің көлемі 10 565 адамды құрады **[1-Кесте]**. Сауалнама аумағы облыстың барлық қалалары мен аудандарын қамтыды. Ұлттық бюро статистикасының 2024 жылғы мәліметі бойынша Абай облысы халқының жалпы саны 603,3 мыңды құрайды [3]. Әлеуметтік сауалнама нәтижесінде алынған мәліметтер өңірдегі діни ахуалға қатысты мәселелерге халықтың пікірі мен көзқарасын көрсетуге мүмкіндік береді.

**Әлеуметтік деңгей.** Жас санаттары бойынша деректер келесідей бөлінді: бірінші орында, 35-63 жас аралығындағы топ белсенділік көрсетті. Екінші, жастар тобы – 18-34 жас. Ең аз топ – 63 жастан асқан қарт буын **[1-Диаграмма]**. 42,5% респондент білім беру ұйымдарында жұмыс жасайды, 18,6% мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. 10,5% сұралғандар мәдениет және спорт саласында 4,7% денсаулық сақтау саласында, 4,1% в қызмет көрсету саласында істейді. 6% – өзін-өзі қамтығандар (фрилансерлер). 5,1% студент, 4% жұмыссыздар. Білім саласында жұмыс жасайтын респонденттердің сауалнамаға қызығушылық танытуына себеп, білім қызметкерлері әртүрлі конфессияларды құрметтеу мен зайырлы принциптерді ұстануды теңестіру қажеттілігіне жиі тап болады, сондай-ақ олар көбінесе мемлекеттік саясаттың, соның ішінде зайырлылы білім берудің жетекшісі болады

**Діндарлық дәрежесі.** Сауалнама нәтижесі бойынша Абай облысы тұрғындарының 43% өздерін діндар деп санайды. Алайда олардың арасындағы діндарлық дәрежесі әртүрлі дәрежеде көрінеді. Негізгі үлес, атап айтқанда, облыс тұрғындарының 44,9% өздерін дінге сенбейтінін, бірақ жоғары күшке сенеміз деп санайды. Тұрғындардың 2,4% өздерін діндар деп санамайды. Респонденттердің шамамен 2%-ы дінге күмәнмен қарайды **[2-Диаграмма]**. Бұл көрсеткіш, облыс тұрғындарының діндарлығы өмірлерінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды және діни ресімдер мен жораларды қатаң сақтайтын адамдар ретінде сипаттаса, ал жоғары күшке сенуі философиялық ұстаныммен байланысты болуы

мүмкін.

**Облыстың конфессиялық құрылымы.** Сауалнамаға сәйкес, сунниттік бағыттағы ислам дінін ұстанушылар – 83%, христианды жақтаушылар – 9,1% (православие, католиктер, протестанттар), иудаизм – 0,1%, буддизм – 0,3%. Басқа діндер 2,1% құрайды **[2-Кесте]**. Бірақ, бұл сұраққа респонденттердің ашық жауап беруіне де мүмкіндік болды. Мәселен, сұрақтың нұсқаулары болғанмен кейбір респонденттер «мен мұсылманмын», «шиитпін», «мазхаб» деп жауап берді. Бұл нәтиже тұрғындардың діни сауаттылығы жеткілікті деңгейде емес екендігін көрсетеді.

Абай облысының тұрғындары үшін дін таңдауда не себеп болды? Осы сұрақ қойылу нәтижелері жеке тұлғаның діндарлық деңгейіне отбасының әсерін растайтын ең көп таралған фактор - отбасылық тәрбие екенін көрсетті. Жалпы, дінді таңдауда келесі факторларды анықтауға болады: отбасы тәрбиесі (66,1%), өмірдің мәнін іздеу (10,4%), әдебиеттерді (көркем, философиялық, діни) жиі оқу (6,7%), діндар адамдармен жақын араласуы (5,3%), діндар адаммен арнайы кездесуден соң (1,7%), медреседе/жексенбілік мектепте оқу (0,5%), басқа себептер - (2,7%) **[3-Кесте]**. Респонденттердің халықта діни өзіндік санасының қалыптасуына ықпал ететін ұлты мен отбасы сияқты факторларды көрсетіп отыр.

Өткізілген сауалнама облыс тұрғындарының діни санасын қалыптастыратын ең көп таралған факторлар ата-ана, туыстар немесе жалпы отбасылық дәстүрлер екенін растайды.

Абай өңірінің тұрғындары діни қызметте қаншалықты белсенді? Бұл сұраққа жауап алу үшін барлық респонденттерге мешітке/шіркеуге, намазханаға және т.б. бару туралы сұрақтар қойылды **[3-Диаграмма]**. Осы сұрақта респонденттердің жауаптарын қорыта келе сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі мешіттерге, шіркеулерге және құлшылық ету үйлеріне сирек баратыны анықталды. Дегенмен де, аталған факт қалыптасқан дәстүрлі факторлармен анықталуы ықтимал. Осындай діни орындарға бару көп жағдайда діни мерекелерде, ас бергенде және басқа да шараларға байланысты жүзеге асырылуы мүмкін.

Әлеуметтік сауалнама барысында респонденттерден әдетте қандай мерекелерді тойлайтындары сұралды. Респонденттердің 39,5%-ы туған күндерін көбінесе отбасымен және жақындарымен атап өтетінін атап өтті, респонденттердің 20,3%-ы барлық мерекелерді тойлайтынын жауап берді. Келесі кезекте діни, мемлекеттік және ұлттық мерекелер. Респонденттердің 3,6%-ы ешқандай мерекені тойламайды деп жауап берді **[4-Кесте]**.

Мемлекеттік саясат және оның тиімділігін бағалау. Балалар діни білімді қайда алған дұрыс? Осыны түсіну үшін сауалнамаға қатысушыларға тиісті сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (35,3%) мектеп бағдарламасы шегінде алынған діни білім жеткілікті, 23,6% - «Қазақстанның діни мекемелерінде», 21,7% -

«отбасында алған діни білім жеткілікті» деп жауап берді , 5,7% - «діни білімнің қай формасы болса да қарсы», 0,9%- шетелдің діни мекемелерінде деп жауап берді **[5-Кесте]**.

«Дінге қатысты сұрақ туындаса, алдымен кімге жүгінесіз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (28,4%) «ата-анасына, жақын туыстарына», 20,8%-ы «имамға», 14,2%-ы «туыстар арасындағы білетін адамға», 14,2%-ы «дін саласындағы білікті маманға (дінтанушы, теолог)», 10,2% - «интернет көздеріне» **[4-Диаграмма]**. Дінге қатысты сұрақ туындаса жүгінетін адамдардың әлеуетті тобын анықтауға қатысты зерттеудің барлық кезеңдерінде респонденттердің көбінің таңдауы ата-аналар, жақындары болып табылады. Алайда, психологтар, дінтанушылар санаттары қарастырылып отырған мәселедегі жағымсыз тенденцияны көрсетеді.

Облыс тұрғындары өңірдегі діни ахуалды қалай бағалайды? Сауалнамаға сәйкес респонденттер жалпы жағдайды тұрақты деп бағалайды. Мәселен, респонденттердің 56,9%-ы «тұрақты» нұсқасын, тағы 21,5%-ы «тұрақты сияқты» нұсқасын атап өтті. Шамамен 1,8%-ы аймақтағы жағдайды «тұрақсыз сияқты» деп бағалауға бейім, 2,4%-ы – «тұрақсыз» деп бағалады. Жауап беруге қиналғандардың үлесі 17,4% құрайды **[6-Кесте]**.

Балалар діни білімді қайда алған дұрыс? Осыны түсіну үшін сауалнамаға қатысушыларға тиісті сұрақ қойылды. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (35,3%) мектеп бағдарламасы шегінде алынған діни білім жеткілікті, 23,6% - «Қазақстанның діни мекемелерінде», 21,7% - «отбасында алған діни білім жеткілікті» деп жауап берді , 5,7% - «діни білімнің қай формасы болса да қарсы», 0,9%- шетелдің діни мекемелерінде деп жауап берді. Тұрғындарының көпшілігі зайырлы білім мен ұлттық құндылықтарды (отбасы) басымдылыққа алады. Бұл жағдай ұлттық дәстүрді және зайырлылықты сақтауға деген ұмтылысты көрсетеді. Басты міндет-мемлекеттің зайырлы қағидаттарын бұзбай, өртүрлі көзқарастарды құрметтеуге тәрбиелейтін сапалы, бейтарап діни білім беру.

Тұрғындардың 68,3% өңірде мемлекеттік органдар дін саласында дұрыс саясат жүргізіп жатыр деп есептейді. Респонденттердің 20,9%-ы діни бірлестіктердің қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейту керектігін айтады. 3,7% – діни бірлестіктерге қатысты саясат тым қатал, діни бірлестіктерге еркіндік берілмейді, шектеулер тым көп деп санайды **[5-Диаграмма]**. Тұрғындардың мемлекеттегі дінге қатысты асырып жатқан саясатты қолдаудың жоғары деңгейі көбінесе биліктің көпшіліктің талабына бейімделгенін (зайырлылық пен дәстүр арасындағы тепе-теңдікте ұстауы) көрсетеді.

### **Қорытынды**

Жалпы, әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі бойынша Абай облысының діни ахуалы анықталды. Абай облысындағы діни ахуал негізінен тұрақты деп бағаланады. Сауалнамаға қатысқан тұрғындардың

басым бөлігі өңірдегі діни конфессияаралық қатынастарға оң баға береді. Олардың пікірінше, Қазақстанда әртүрлі дінді ұстанатын діндарлар арасында достық қарым-қатынас орнаған көрсетеді. Дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметі халық арасында кең қолдау таппайды. Дегенмен, бұл олардың қауіп-қатерін азайтуды білдірмейді, өйткені бұл ағымдардың діни өкілдері шағын біріккен қауымдастықтар ретінде әрекет етуді жөн көреді. Бұл факторды Қазақстандағы миссионерлік және шетелдік діни және қайырымдылық ұйымдарының белсенділігін арттыру жағдайында да ескеру қажет. Абай облысының тұрғындарының басым бөлігі ислам дінін ұстанады (83%). Өңірде исламның сунниттік бағыты ханафи мазхаб кең таралған. Сондай-ақ православие христиандары, католиктер және басқа да шағын протестанттық христиан шіркеуі өкілдері де өмір сүреді. Жалпы Абай облысында 7 конфессияны білдіретін 184 діни бірлестік бар (анықтама: 150 – исламдық, 12 - православие, 5 - католик, 17- протестант) [5]. Алынған нәтижелерді талдау барысында тұрғындардың жартысынан астамы мешіттерге, шіркеулерге және ғибадат орындарына сирек барып тұрады. Дегенмен де, бұл фактіні қалыптасқан дәстүрлі факторлармен байланыстыруға болады. Осындай ғибадат орындарына бару көбінесе діни мерекелерге, еске алуға және басқа да іс-шараларға байланысты жүзеге асырылады. Талдау нәтижелері бойынша дінге теріс немесе дұшпандық көзқарас фактілері анықталған жоқ. Мұндай жағымды құбылыстың туындауын мемлекеттің діни салада дұрыс саясат ұстануымен түсіндіруге болады.

### **Ұсынымдар**

1. Жастар арасында дін сауаттылығын арттыру үшін мектептің жоғары сыныптарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» арнайы пән ретінде енгізу. Ол пәннің басты мақсаты – жастарды толеранттылыққа үйретуге, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға, ұлттық, рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталған бастама болады;
2. Дінтану, теология, исламтану бағытында ғылыми зерттеумен айналысатын мамандарға мемлекет тарапынан зерттеу гранттарын арттыру;
3. Бұқаралық ақпарат құралдарында, телеарналарда діни ағарту бойынша тұрақты бағдарламалар жүргізу.

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>
2. Дін саласында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізуге арналған әдістемелік құрал / Діни ахуалды талдау және діни сараптама институты – Нұр-Сұлтан: «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының Діни ахуалды талдау және дінтанулық сараптама институты », 2021. – 60 б.
3. <https://stat.gov.kz/region/abay/>

4. Аналитический отчет на тему: «Религиозная ситуация в Казахстане и процессы активизации религиозного сознания молодежи» по результатам социологического исследования среди молодежи Казахстана / Работа была выполнена в рамках научно-исследовательского проекта «Ислам в современном Казахстане: сущность и итоги религиозного возрождения».- Алматы, 2014. -58 б.


5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay/activities/56431?lang=ru>

## **Қосымшалар**


**1-Кесте.** Абай облысынан аудандар үлесі

Аумақтар	%	Респонденттердің жалпы саны, адам.
Семей қ.	7,7	818
Курчатов қ.	4,7	501
Абай ауданы	10,1	1063
Аягөз ауданы	9,6	1012
Ақсуат ауданы	5,9	626
Жаңасемей ауданы	7,5	794
Мақаншы ауданы	8,6	912
Бесқарағай ауданы	9,3	986
Бородулиха ауданы	7,2	761
Жарма ауданы	9,6	1013
Көкпекті ауданы	7,6	802
Үржар ауданы	9,7	1023
<b>Жалпы</b>	<b>100,0</b>	<b>10 565</b>

1-диаграмма. Жас бойынша бөлу, %



2-Диаграмма. Өзіңді діни адаммын деп санайсыз ба?



2-Кесте. Қай дінді ұстанасыз?, %

Нұқсаулар	Респондентте р Саны	%
Суннит бағытындағы ислам	7544	83
Шитт бағытындағы слам	403	4,4
Православие	828	9,1
Католицизм	35	0,4
Протестантизм	15	0,2

Иудаизм	10	0,1
Буддизм	33	0,3
Басқа	193	2,1
<b>Жалпы</b>	<b>9061</b>	<b>100</b>

**3-Кесте.** Сіздің дінге сенуге не себеп болды , %

Нұсқаулар	Респонденттер Саны	%
Отбасылық тәрбие	6525	66,1
Өмірдің мәнін іздеу	1028	10,4
Әдебиеттерді (көркем, философиялық, діни) жиі оқуым	660	6,7
Діндар адамдармен жақын араласуы	522	5,3
Медреседе/жексенбілік мектепте оқу	54	0,5
Діндар адаммен арнайы кездесуден соң	165	1,7
Басқа	267	2,7
<b>Жалпы</b>	<b>9878</b>	<b>100</b>

**3-Диаграмма.** Мешіт не шіркеуге барасыз ба?, %



**4-Кесте.** Сіз жиі қай мерекелерді тойлайсыз?

Нұсқаулар	Респонденттер саны	%
Туған күндерді	4044	39,5
Барлық және барлық діни мерекелерді	2081	20,3
Наурыз	1077	10,5
Тек маңызды діни мерекелерді (Құрбан айт, Рождество және т.б.)	987	9,6
Жаңа жыл	709	6,9
Ешқандай мерекелерді тойламаймын	372	3,6
8 наурыз-Әйелдер күні	299	2,9
Республика күні	111	1,1
Тәуелсіздік күні	150	1,5
Конституция күні	47	0,5
<b>Жалпы</b>	<b>10247</b>	<b>100</b>

**5-Кесте.** Балаларыңыздың діни білім алғанын қалайсыз ба?



Нұсқаулар	Респонденттер саны	%
Жоқ, мектеп бағдарламасы шегінде алынған діни білім жеткілікті	3598	35,3
Жоқ, отбасында алған діни білім жеткілікті	2209	21,7
Иә, Қазақстанның діни мекемелерінде	2402	23,6
Жоқ, діни білімнің қай формасы болса да қарсы	576	5,7
Иә, шетелдің діни мекемелерінде	96	0,9
Жауап беру қиын	1298	12,7
<b>Жалпы</b>	<b>10183</b>	<b>100</b>

#### 4-Диаграмма. Дінге қатысты сұрақ туындаса, алдымен кімге жүгінесіз?



#### 6-Кесте. Өңіріңізде діни ахуалды қалай бағалайсыз?

Нұсқаулар	Респонденттер саны	%
Тұрақты	5791	56,9
Тұрақты сияқты	2186	21,5
Тұрақсыз сияқты	239	2,4
Тұрақсыз	184	1,8
Жауап беру қиын	1768	17,4
<b>Жалпы</b>	<b>10170</b>	<b>100</b>

**5-Диаграмма.** Қазақстандағы діни бірлестіктерге қатысты мемлекеттік саясатты қалай бағалайсыз?

